КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Жақсыбаев А. Г., 19.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 28.07.2023, судья Жақсыбаев А. Г., 01.08.2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 19 маусым №7119-23-00-2/6108 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ғ.Жақсыбаев,

оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алатау» республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Абдуасилов Е.И.» атты Жеке Кәсіпкер Еркин Ильясович Абдуасилов

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану,
2. тұрақсыздық айыппұлды өндіру;

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 14 сәуірде Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алатау» республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – РМК) мен «Абдуасилов Е.И.» атты Жеке Кәсіпкер Еркин Ильясович Абдуасилов (бұдан әрі – ЖК) арасында 2023 жылғы 31 желтоқсанына дейін қолданылу мерзімі бар №130 мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

ЖК шартының талаптарына сәйкес өнім беруші ретінде 2023 жылғы 30 сәуірге дейін талап қоюшыға тауар – жалпы сомасы 51 000 теңге 100 дана щеткаларды қоюға, ал РМК тапсырыс беруші ретінде тауарды қабылдап алуға және ол үшін төлем жүргізуге (шарттың тармақтары, шартқа қосымшалар) міндеттенген.

Бұл ретте өнім беруші белгіленген мерзімі аяқталған күніне дейін техникалық сипаттамаға толық сәйкес тауарды қоймаған.

Осыған байланысты, талапкер соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танып, одан сомасы 1 377 теңге мөлшерінде шарттық тұрақсыздық айыппұлды өндіруді сұрады.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Қазіргі уақытта, жасалған шарт тапсырыс берушімен бір жақты бұзылған.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі–Заң) 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

2023 жылғы 14 сәуірде тараптар арасында шарт жасалған.

Шарттың 2 қосымшасына, яғни техникалық ерекшелікке сай тауар жеткізу мерзімі 2023 жылдың 30 сәуірі.

Талап арызда өнім берушінің шарттың талаптарын орындамағаны туралы көрсетілген.

Аталған құқықтық жағдайды шешу барысында сот бірінші кезекте шарттың елеулі ережелерін реттейтін Заңның нормаларын басшылыққа алады.

Сот іске тіркелген құжаттардан жауапкер шарттың талаптарын бұзған.

Сонымен қатар, тапсырыс беруші Заңда көрсетілген мерзімдерде сотқа әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюға міндетті.

Аталған істі қарау барысында өнім берушінің шарты орындамағанын ескере отырып, сот оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

Сонымен қатар, сот шарт бойынша 1 377 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қанағаттандырылуға жатады деген қорытындыға келеді, себебі шарттың 7.3 тармағына сәйкес міндеттемені орындау мерзімін кешіктірілген жағдайда, тапсырыс беруші орындаушыдан әрбір кешіктірілген күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды.

Сонымен қатар, ЖК әрекеттерінде шарттың талаптарын бұзуының бар болғанына байланысты айыппұлды төлеуден босатылуға жатпайды.

Сот шығындары АПК-нің 109, 117 баптарында көрсетілгендей талап арыздың қанағаттандырылған бөлігіне сай өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Құжатқа қол қойылған: Жаксыбаев А. Г., 19.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 28.07.2023, судья Жаксыбаев А. Г., 01.08.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Жақсыбаев А. Г., 19.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 28.07.2023, судья Жақсыбаев А. Г., 01.08.2023

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алатау» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Абдуасилов Е.И.» атты Жеке Кәсіпкер Еркин Ильясович Абдуасиловқа мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Абдуасилов Е.И.» атты Жеке Кәсіпкер Еркин Ильясович Абдуасилов мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Абдуасилов Е.И.» атты Жеке Кәсіпкер Еркин Ильясович Абдуасиловтан Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алатау» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 1 377 (бір мың үш жүз жетпіс жеті) теңге тұрақсыздық айыбы және 42 (қырық екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Абдуасилов Е.И.» атты Жеке Кәсіпкер Еркин Ильясович Абдуасиловтан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья А.Ғ.Жақсыбаев

7119-23-3-1/5860